

ГТАХР 14.35.09

БОЛАШАҚ ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ ЖӘНЕ СПОРТ МАМАНЫНЫҢ АКМЕОЛОГИЯЛЫҚ ӘЛЕУЕТІН ДАМУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

Б.Д. Колдасбаева¹, А.Б. Дошыбеков², Е.Т. Жетимеков³

¹докторант, ²PhD, ³магистр

^{1,2} Қазақ спорт және туризм академиясы, Алматы, Қазақстан

³ Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік медицина университеті,
Ақтөбе, Қазақстан, email: Bagila.koldasbaeva@mail.ru

Аталған мақалада болашақ дене шынықтыру және спорт маманының акмеологиялық әлеуетін дамытудың педагогикалық аспектілері туралы проблемелар қарастырылады. Болашақ мамандардың бойында ұйымдастырушылық қызметі, өз бетінше шешім қабылдауға дағдыландыру, берілген тапсырмаларды жауапкершілікпен орындау, ұжымда адамгершілік, психологиялық ахуалды ұстап тұру қабілеттерін қалыптастыру ең маңызды міндеттердің бірі болып табылады. Қазіргі адам дамуының элементі болып табылатын дене мәдениеті білімінің маңыздылығымен анықталатын, оның оқу-тәрбие үрдісіндегі үлесін, онымен қоса, қалыптаса бастаған білім беру философиясының шеңберіндегі дене шынықтыру-сауықтыру жұмыстарының жаңа мақсаттарын және оны меңгеуде қалыптасқан жүйенің маңызын ескере отырып, болашақ мамандарды даярлауды жеке мәселе ретінде тек практикалық қана емес, теориялық тұрғыдан да дайындығы жоғары болуы керек. Адамның дене және ой-сана қабілетінің дамуы, олардың өнегелік пен әсемдік қасиеттерінің сапасын, мәдени-тарихтың даму негізін және мазмұнын құрайды. Сондықтан, қоғамның материалдық және рухани мәдениеті, мәдениеттің ажырамас, міндетті құрамдас бір бөлігі болып табылады. Мақалада болашақ дене шынықтыру және спорт мамандарының акмеологиялық әлеуетін дамыту туралы зерттеулерге талдау жасалады.

Түйін сөздер: дене шынықтыру, акмеология, бәсекеге қабілеттілік, кәсіби этика, кәсіби қызмет

Кіріспе

XXI ғасырда білім мен ғылым саласында болып жатқан өзгерістер болашақ мамандар даярлауда жоғары мектептің алдына жаңа міндеттер қойып отыр. Осыған орай, бүгінгі әлеуметтік білім беру кеңістігіне сай бейімдеп білім алу, жалпы ғаламдық танымды, ойлауды дамыту, өзінше ғылыми тұжырым жасауға, олардың қажетіне қарай ғылым жетістігін сұрыптауға, студенттің өзінің іс әрекетінің субъектісі болуына мүмкіндік туғызу-көкейкесті мәселе. Өйткені, тек жоғары білімді маман ғана қоғам мен экономиканың, әлеуметтік және мәдени өркендеудің көшбасшысы бола алады. Білім беруді ізгілендіру – білім беру жүйесі мен білім беру үрдісінің педагогтар мен оқушылар арасындағы өзара түсіністік пен құрметке негізделуі, адамдар құқығын қорғау, денсаулық сақтау және тұлғалық әлеуетін дамытуға бағытталу. Білім беру жүйесін реформалаудың белгіленген бағыттарына сай кәсіби даярлаудың жалпы мақсаты анықталды, жеке тұлғаға бағдарланған білім беру, оқу-тәрбие үрдісінің тиімділігін арттыру, бәсекеге қабілетті маман дайындау. Өзгермелі қоғамдағы жаңа формация мұғалімі – педагогикалық құралдардың барлығын меңгерген, тұрақты өзін-өзі жетілдіруге талпынған, рухани дамыған, толысқан шығармашыл тұлға. Нарық жағдайындағы мұғалімге қойылатын талаптар: бәсекеге қабілеттілігі, білім беру сапасының жоғары болуы, кәсіби шеберлігі, әдістемелік жұмыстағы шеберлігі. Осы тұрғыдан қарағанда нәтижеге бағытталған білім моделі мен басқарудың жаңа парадигмасы аясында бағытталған білім моделі мен басқарудың жаңа парадигмасы аясында жекелеген ұғымдар мен нормаларды және тиімді педагогикалық технологияларды меңгеру үшін педагогтардың кәсіби мәдениетін дамытуға бағытталған озық үлгі қажет. Қазіргі білім беру парадигмасы «білікті адамға» бағытталған білімнен «мәдениет адамына» бағытталған білімге көшуді көздейді. Бұл білім берудің философиялық, психологиялық, педагогикалық, негіздерін, теориясы мен тәжірибесін тереңірек қайта қарауды қажет етеді. Бұрынғы оқушы тек тыңдаушы, орындаушы болса, ал қазіргі білім беру жүйесінде оқушының өздігінен білім іздейтін жеке тұлға екендігіне ерекше мән беріледі.

Қазіргі жоғары білім кәсіби қызметте әлеуметтік-экономикалық жаңаруларға бейімделе алатын мамандарды дайындау міндетіне сай сапалық өзгерістерге ерекше назар аударады. Олай болса, біз акмеология ұғымына нақты түсінік беретін беретін болсақ: «акмеология» (грек. «ахте»-шың, ненің де болса жоғары дәрежесі) – жаратылыстану, гуманитарлық пәндердің негізінде пайда болған пәнаралық ғылым. Ол тұлғаның жекелік дамуының тұтастығын, оның азамат, маман ретінде жоғары деңгейге жетуінің жолдарын зерттейді» делінген [1; 13].

Аталған міндеттерді орындауға іс-әрекет барысында өзіндік ішкі нормаларды ойлау және қарым-қатынас сипатын меңгеруде оқу орындары мамандарына ерекше күш жүктеледі. Бүгінгі өзгермелі қоғамда жеке тұлғаның қалыптасуына төмендегі тұлғалық қасиеттер әсер етеді: «In the learning process, the main impulses of the natural growth of the child were taken into account: social impulses (the desire to communicate), constructive (the desire for movement in the game), research (the urge to recognize and understand), expressive (the desire for self-expression)» [2; 91].

Дене тәрбиесі және спорт маманының кәсіби қызметі жоғары кәсіби білім берудің дене тәрбиесі және спорт мамандығы бойынша мемлекеттік білім беру стандартында көрсетілгендей белсенді салауатты өмір салты ұстанымдарын бекіту, адамның дене, психологиялық және функционалдық мүмкіндіктерін зерттеу және дамыту, тұлғаны қалыптастыру және оны жалпы азаматтық құндылықтар мен дене тәрбиесі мен спорт құндылықтарын меңгеруге бағыттау. Дене тәрбиесі мұғалімнің шығармашылығы оқыту мен жаттығу сабақтарын ұйымдастырудың озық технологияларын таңдау ғана емес, сонымен қатар қозғалыс эрудициясына, тәрбиесіне тікелей қатысты. Біздің пікірімізше, дене тәрбиесі саласындағы білімдік, сауықтыру, тәрбиелік міндеттерді орындауда, кәсіби құзыреттілік *шарттары* ретінде:

- дене тәрбиесі және спорт түрінің теориясы мен әдістемесі бойынша терең білімді игеруі;
- педагогикалық қызметке бейімділігі, өз таңдаған спорт түрінде қызығушылығы, кәсіби құзыреттілігі;
- өз қызмет саласын ғана емес, педагогика, психология, биомеханика, медицина, физиология және оқытудың, тәрбиелеудің жаңа технологиялары бойынша арнайы білімді игеруі;
- оқу-тәрбие үрдісін ғылыми көзқарас пен ғылыми талдау жасай білуі;
- өзінің кәсіби шеберлігін жетілдіруге ынтасының болуы.

Көп жағдайда жоғары кәсіптік деңгей шеберлік ұғымымен теңестіріледі. Шеберлік – кез келген саладағы жоғары өнерге ие болу. Ол педагогтың тұлға қалыптастыру үрдісінде қазіргі педагогикалық технологиялар мен тәсілдері, педагогикалық білік пен дағдыны практикалық тұрғыда қолдана білуінен байқалады. Яғни, «педагогикалық шеберлік – мұғалім шығармашылығын үнемі жетілдіру негізінде байқалатын оқыту мен тәрбиелеу, дамыту өнері, педагогикалық қызметтің жоғары деңгейі» болып саналады [3; 84].

Педагогикалық шеберлік – түрлі педагогикалық міндеттерді нәтижелі шешу және оқу-тәрбие үрдісінің мақсаттарына қол жеткізу, әдістер мен тәсілдерді тиімді қолдана білу. Дене тәрбиесі маманы үшін маңызды қасиеттердің ішінде: «кәсіби қызмет тәсілдері мен әдістеріне шығармашылық тұрғыда қарау, әр жаттығудың мазмұны мен міндетіне сай қолданылатын нақты технологияны таңдау қабілеті маңызды» деп есептейміз [4; 129].

Педагогикалық шеберліктің маңызды бөлігі кәсіби білім мен білік болып табылады. Бұл - ең алдымен философиялық, психологиялық, педагогикалық, әлеуметтік, арнайы және қосымша білім. Мұғалімнің кәсіби білімі түрлі деңгейде (әдіснамалық, ақпараттық-мазмұнның әдістемелік технологиялық, шығармашылық) қалыптасып, педагогикалық сана мен ойлаудың негізін құрайды, ал психологиялық-педагогикалық эрудиция - мұғалімнің нәтижелі жұмыс жүргізуінің алғашарты болып табылады.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Негізінен қолданылған теориялық әдістерге ғылыми тұрғыдан педагогикалық, әдістемелік әдебиеттерге талдау жасалынды, анкета, эссе, диагностика және ғылыми әдебиеттеге шолу жасалынды, тәжірибелі ғалым педагогтардың еңбектерінен сілеме алынып мақаланың мазмұны толықтырылды. Тұлға белсенділігі объективті себептерден бастау алумен бірге субъективтік те категория, себебі ол сана туындысы, ол адам ойында пайда болып, әр нақты тұлғаның сана-

сезімдік ерекшеліктерінің көрінісін береді. Сондықтан да, студенттерді оқыту мен тәрбиелеу жұмысының өзегін тек қана бағдарлама, іс шаралар, әдістер мен формалары ғана құрамайды, сонымен қоса ол арқылы сипатталатын психологиялық- педагогикалық әрекеттің жоғары мақсаты мен мәніне тәуелді. Олардың жеке тұлғалық өзіндік ерекшеліктері, қызығушылықтары, өзіндік мінез-құлықтарымен бірге өз қадір-қасиетін сезінуін дамыту керек. Бұл тақырыптың таңдап алыну критерийлеріне студенттің жеке тұлға ретінде қалыптасуында танымдық белсенділігіндегі өз қасиеттерін дамыту, жаңа білімдерді меңгеру, оларды бағалауға өте ден қоюшылық, өзінің мінез-құлқын саналы мақсатқа бағыттап реттеуге тырысатындығын анықтау болып табылады. Өзін-өзі белсендіретін тұлға қай уақытта болмасын өзінің мүмкіндіктерін үнемі толық ашып дамытуға ұмтылушылық қасиеті тән тұлға. Осындай тұлға болып жетілуіне болашақта шығармашылыққа, толыққанды қарым-қатынас жасауға, өз ойындағысын орындауға қабілетті бола отырып, ізгілікті тұлғалық бағдарлы тәрбие жүйесінде өзін қалыптастыра алады. Тұлға өзінің өмірлік қуатының мәнін мақсатын жүзеге асыратын тәндік, жандық, рухани күш-қуатын сандық және сапалық өзгеріске түсіретін ішкі объективтік процесс ретінде тұлға белсенділігін арттыруда өзіндік сана-сезім компоненттерінің қызметі де өз үлесін байқатады. Тәжірибелік зерттеулер мен әдістер Қазақ спорт және туризм академиясында, М.Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университетінің бірінші, екінші курс студенттеріне және педагогтарға жүргізілді. Тәжірибелік жұмысқа 160 студент мен педагог қатысты.

Зерттеу нәтижелері және оларды талдау

Дене тәрбиесі мұғалімінің эрудициясы төмендегі арнаулы және жалпы білім негіздерінен құралады. Жалпы білім (қоғамдық саяси, сонымен қатар әдебиет, өнер, тарих т.б.) мұғалімнің жалпы мәдениеті мен дүниетанымын сипаттайды. Нәтижелі қызмет ету үшін мұғалімнің кәсіби қабілеттерінің маңызы жоғары. Кәсіби қабілеттің төмендегі түрлерін көрсетуге болады:

- Дидактикалық (оқу қабілеті);
- Психомоторлық (қозғалыс қабілеті, түрлі қозғалыс қимылдарын тез есте сақтай білу) қабілет;
- Коммуникативтік (тіл табыса білуі) қабілеті;
- Перцептивтік (кәсіби қырағылық, бақылай білу) қабілеті;

Білік – қызмет ережелері және мақсатына сай қажетті қимыл-әрекет тәсілдерін тәжірибелік тұрғыда меңгеру. Мұғалімнің кәсіби білігі ретінде құрастыру, ұйымдастырушылық, гностикалық қозғалыс білігі және өзін-өзі реттеу білігі болып бөлінеді.

Құрастыру білігі мұғалімге өз іс-әрекетін құрастыра білуге, жоспарлай білуге көмектеседі. Оларға әдістерді таңдау және композициялық оқу материалын құру білігі (мысалы, оқушылардың белгілі бір қасиеттерін дамытуға арналған жаттығулар кешенін құру) жатқызылады.

Ұйымдастырушылық білік мұғалімнің белгіленген жоспарын жүзеге асырумен тікелей байланысты. Мұғалім өз іс-әрекетімен қатар, оқушылар қызметін де ұйымдастыра білуі қажет.

Коммуникативтік білік мұғалімнің оқушылармен, әріптестерімен, ата-аналарымен, басшыларымен қарым-қатынас жасау білігі жатқызылады. Оларды үш топқа бөлуге болады: коммуникативтік білік, дидактикалық білік және шешендік білігі. Коммуникативтік білік мұғалімнің басқа адамдармен байланыс жасауынан, іскерлік және тұлғалық қатынас орната білумен анықталады.

Дидактикалық білік мұғалімнің оқу материалын оқушыларға түсінікті тілмен жеткізе білуінен көрінеді. Оған топты басқара білу, оқушыларға өзінің педагогикалық ықпалын, оқушылар қабілеті мен олардың әлеуетін бағдарлай білуі жатқызылады.

Шешендік білік дене тәрбие мұғаліміне білімділік- ағарту жұмыстарын жүргізу үшін қажет. Ол үшін мұғалім эрудиция мен тіл мәдениетін игеруі шарт.

Гностикалық білік мұғалімнің жеке оқушыларға ғана емес, жалпы топты тани білуімен, педагогикалық жағдайлар мен өз іс-әрекеті нәтижесіне талдау жасай білуімен байланысты. Мұндай қабылдау үрдісімен де байланысты, перспективтік қабілеттерге (бақылай білу, жаттығу барысында оқушылардың қателіктерін көре білу т.б.) негізделеді.

Гностикалық білік қатарына оқушылардың дене дамуын қалыптастыру әдістемесіне түзетулер енгізу мақсатында мұғалімнің оқу-әдістемелік, ғылыми әдебиет пен жұмыс жасай білуі, өзіндік зерттеулер жүргізуі және оларға талдау жасау білігі де кіргізіледі. *Қозғалыс білігі* біздің

пікірімізше: «қозғалыс мектебін» және мұғалімнің дене жаттығуларын орындау техникасын меңгерумен сипатталады [5; 9].

Дене тәрбиесі мұғалімінің өзінің белсенділігін, арнайы құралдар жүйесі мен өзін-өзі реттеу әдістері арқылы біліктерді қалыптастыруға мүмкіндік береді. Белсенділік категориясы тұлғаның танымдық және шығармашылық мүмкіндіктері туралы негізгі ғылыми білім болып табылады. Қазіргі кезде белсенділіктің табиғаты туралы алғашқы қайнар көзі, оның қалыптасуы мен пайда болуының формасы және түрі, механизмдері туралы ой-пікірлер, ұсыныстар әрекет пен сана, мінез-құлық және қарым-қатынас мәселелерін теориялық және эксперименттік зерттеулер нәтижелерінің талдамына негізделініп қалыптасу үстінде. Белсенділік адамның өмірлік әрекетінің жалпы сипаттамасы ретінде, оның негізгі қасиеті және тұрақты қалпы бола отырып көпдеңгейлі (нейрофизиологиялық, психофизикалық және психологиялық-педагогикалық факторлардың өзара әрекеттестігінің күрделі жүйесін атқарушы) құрылымға ие. Белсенділіктің жан-жақтылық табиғаты оны зерттеудегі жүйелілік бағытты қолдануға негізделеді. Тұлға белсенділігін зерттеуде жүйелілік бағытты қолдануға детерменизм мен дамудың жалпы ғылыми қағидаларын сақтаумен қатар, біз сана мен әрекеттің, ғылымдықтың бірлігі қағидаларына сүйенеміз. Біліктердің қай-қайсысы да дене тәрбиесінің мұғаліміне бірден бірнеше қызмет атқаруға мүмкіндік береді. Оқушы іс-әрекетінің мазмұны ақпаратты қабылдау, оны ұғыну, білім-білік дағдыларын жетілдіру болып табылады. Олай болса: «Мұғалім міндеті оқушының іс-әрекетін ұйымдастыру, тапсырмаларды дұрыс орындауға бағыт, бағдар беру болып табылады», - делінген [6; 71].

Сонымен қатар, дене тәрбиесі жүйесінде спортпен шұғылданып, болашақта жоғары жетістіктерге жету үшін табиғи орта керек. Оларға: «табиғаттың таза ауасы, таза су, күн сәулесі. мұндай саф табиғи ортаны жүйелі пайдаланудың денсаулық үшін маңызы зор» [7; 11-13].

Қазіргі кезде дене тәрбиесі мұғалімінің акмеологиялық әлеуетін дамыту барысында келесі функцияларды меңгеру керек:

- адаптациялық - студенттер педагогикалық үдеріс ритміне енеді, балалармен жұмыс жасауды үйренеді, білім беру мекемелеріндегі кәсіби қатынас жүйесіне бағдарлана бастайды;
- жалпы білім беру - практика үдерісінде студенттердің теориялық білімдері қолданылады, негізгі педагогикалық іскерлік пен дағдыны қалыптастыру жүреді, педагогикалық сапа қалыптасады;
- дамытушылық - практика барысында студенттердің жеке тұлға ретінде қалыптасу үдерісі мен қабілеттерінің даму сатысы болып табылады;
- тәрбиелік - тұлғаның кәсіби педагогикалық этиканы өзінің тұлғалық қажеттілігіне қолдануы;
- диагностикалық - студенттердің педагогикалық қызметке кәсіби дайындығы мен жарамдылық дәрежесін тексеру, жеке және кәсіби қасиеттеріне баға беру;

Жалпы дене тәрбиесі мұғалімінің акмеологиялық әлеуетін дамытудың негізі - шығармашылық қабілеті жоғары тұлғаны жетілдіру және дамыту, өзінің ерекше жұмыс жасайтын стилі мен ойлау қабілеті бар шығармашыл тұлға ретінде мұғалім-новаторды дайындау болып табылады.

Қорытынды. Қорыта келе, дене тәрбиесі маманының қозғалыс қабілетін дамыту үрдісін жетілдіру және оңтайландыруды, кәсіби мәдениет және кәсіби шеберлік шыңына қол жеткізуге қажетті кәсіби маңызды дағдыларды қалыптастырушы негіз ретінде қарастыру қажет. Сонымен бұл кезде кәсіби маңызды сапалар мен біліктердің дамыту қажеттілігін сезіну ғана емес, өзін-өзі жетілдіру сұранысын қалыптастыру маңызды болып есептелінеді. Бұның бәрі де дене тәрбиесінің мұғалімі өзін-өзі танумен айналысып, дене және психикалық белсенділігін реттеп, өзінің күшті және әлсіз жақтарын анықтағанда ғана мүмкін болады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Дүйсенбаев А.Қ. Педагогика және психологиядан анықтамалық сөздік. – Алматы: «Отан», 2015. – 286 б.
2. Duisenbayev A., Daumov N., Kuzdybayeva A., Zhumagaziyev A., Turebayeva Sh. Information educational technologies as a problem of pedagogics // Modern Journal of Language Teaching Methods. ISSN: 2251-6204. – Iran, Vol. 8, Issue 11, November 2018. – P.87-93.

3. Кертаева К. М., Есімова Д. Д. Ұстаздың ұлттық тәлім-тәрбие беруге деонтологиялық даярлығы. Оқу-әдістемелік құрал.–Павлодар: «Кереку», 2010. – 133 б.
4. Калюжный А.А. Формирование имиджа учителя. – Москва: «Владос», 2005, – 177 б.
5. Ахметов И.Ж. Қазақ спортының дамуындағы ұлттық патриотизм идеясы: филос. ғыл. канд. ... дисс.:09.00.11. – Алматы, 2009. – 125 б.
6. Глушков В.А. Применение информационных технологий в учебном процессе. – Москва: «Педагогика», 2007– 260 с.
7. Меженова Л. Денсаулық – салауатты өмір кепілі // Мектептегі дене шынықтыру. – 2015. – №5. – 11-13 бб.

ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ РАЗВИТИЯ АКМЕОЛОГИЧЕСКОГО ПОТЕНЦИАЛА БУДУЩЕГО СПЕЦИАЛИСТА ФИЗИЧЕСКОГО ВОСПИТАНИЯ И СПОРТА

Б.Д. Колдасбаева¹, А.Б. Дошыбеков², Е.Т. Жетимеков³

¹ докторант, ² PhD, ³ магистр

^{1,2} Казахская академия спорта и туризма, Алматы, Казахстан

³ Западно-Казахстанского государственного медицинского университета имени Марата Оспанова, Актобе, Казахстан
email: Bagila.koldasbaeva@mail.ru

В данной статье рассматриваются вопросы педагогических аспектов развития акмеологического потенциала будущего специалиста по физической культуре и спорту. Одной из важнейших задач является формирование у будущих профессионалов организаторских способностей и навыков самостоятельного принятия решений, ответственного выполнения заданий, поддержания морально-психологической атмосферы в коллективе. Подготовка будущих специалистов вызывает озабоченность с учетом важности физической культуры, которая является элементом человеческого развития, ее вклада в образовательный процесс, а также новых целей физкультурно-оздоровительной работы в рамках философии образования и важности существующей системы ее развития не только практически, но и теоретически. Именно поэтому материальная и духовная часть жизни общества является неотъемлемой частью культуры. В статье анализируются исследования по развитию акмеологического потенциала будущих спортсменов и специалистов по спорту.

Ключевые слова: физическое воспитание, акмеология, конкурентоспособность, профессиональная этика, профессиональная деятельность

PEDAGOGICAL ASPECTS OF THE ACMEOLOGICAL POTENTIAL'S DEVELOPMENT OF THE FUTURE SPECIALIST OF PHYSICAL TRAINING AND SPORT

B.D. Koldasbaeva¹, A.B. Doshybekov², Y.T. Zhetimekov³

¹ PhD student, ² PhD, ³ Master

^{1,2} Kazakh Academy of Sports and Tourism, Almaty, Kazakhstan

³ West Kazakhstan Medical University named after Marat Ospanov, Aktobe, Kazakhstan
email: Bagila.koldasbaeva@mail.ru

This article deals with the pedagogical aspects of the acmeological potential's development of a future specialist in physical culture and sports. One of the most important tasks is the formation of future professional, organizational skills and skills of independent decision-making, responsible assignment, maintaining a moral and psychological atmosphere in the team. The training of future specialists is a matter of concern given the importance of physical culture, which is an element of human development, its contribution to the educational process, as well as new goals of physical training and health activities in the framework of educational philosophy and the importance of the existing system of its development, not only practically, but also theoretically. That is why the material and spiritual part of society is an integral part of culture. The article analyzes the research on the development of the acmeological potential of future athletes and sports specialists.

Key words: physical education, acmeology, competitiveness, professional ethics, professional activities

Редакцияға 29.04.2019 қабылданды